



Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010100	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	1. Педагогика 2. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Педагогика
 2. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі
 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
 4. Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:
 - A) білім беру
 - B) тәрбие
 - C) даралық
 - D) оқушы
 - E) адам
 - F) индивид

2. Оқу-тәрбие процесінде тиімді ұйымдастыру үшін педагогтың басшылыққа алатын темперамент түрлері:
 - A) Психикалық
 - B) Холерикалық
 - C) Физиологиялық
 - D) Психофизиологиялық
 - E) Сангвиникалық
 - F) Биологиялық
 - G) Психологиялық

3. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер:
 - A) практикалық
 - B) технологиялық
 - C) әдіснамалық
 - D) эмпирикалық
 - E) техникалық
 - F) әдістемелік

4. Өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдерінің бірі:
 - A) алдау
 - B) бақылау
 - C) түзету
 - D) ақтау
 - E) жазалау
 - F) мадақтау
 - G) бағалау
 - H) қорлау

5. Тәрбие ерекшеленеді:

- A) дискреттілігімен
- B) бір мерзімділігімен
- C) көпфакторлығымен
- D) ұзақтығы және үздіксіздігімен
- E) қысқалығымен
- F) жоспарға бағынбауымен
- G) екі жақтылығымен

6. Дүниетаным - бұл:

- A) Мемлекеттің дамуына деген көзқарастар жүйесі
- B) Мектептің жағдайына деген көзқарастар жүйесі
- C) Адамның дүниеде алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- D) Сынып ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- E) Мектеп ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- F) Қоғамның жағдайына деген көзқарастар жүйесі

7. Адамгершілік тәрбие міндеті:

- A) ой қабілеттерін дамыту
- B) адамгершілік сана қалыптастыру
- C) құқықтық жауапкершілік қалыптастыру
- D) моральдік ережелерді меңгерту
- E) санитарлық-гигиеналық іскерліктер қалыптастыру

8. Оқу бағдарламаларының түрлері:

- A) Тұлғалық
- B) Мектеп
- C) Мемлекеттік
- D) Өзіндік
- E) Авторлық
- F) Оқу-жұмыс

9. Қазіргі педагогиканың әдіснамасы:

- A) Тәсіл туралы ғылым
- B) Тәрбие құралдары туралы ілім
- C) Баланың дамуын зерттейтін пән
- D) Бір нәрсені тану туралы ғылым
- E) Әдіс туралы ғылым

10. Педагогикалық процесс:

- A) Адам- адам жүйесі
- B) Проблемны дұрыс тандап, оған негіздеме жасай білу бағыты
- C) Педагогикадығы Іс әрекеттерді ұйымдастыру процесі
- D) Сабақты ұйымдастыра білу процесі
- E) Тәрбие беру жүйесі

11. Ынталандыру әдісі (әдістері):

- A) Жарыс
- B) Сендіру
- C) Жазалау
- D) Этикалық әңгіме
- E) Тәрбиелік жағдайлар
- F) Тапсырма беру
- G) Мадақтау

12. Перспективалар түрлері (А.С. Макаренко бойынша):

- A) жақын
- B) алыс
- C) қысқа мерзімді
- D) ұзақ мерзімді
- E) күрделі
- F) таңдамалы
- G) альтернативті

13. Сыныптағы тәрбие жүйесінің кезеңдері:

- A) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын орындау
- B) Жүйені лайықты тәртіп бойынша қалыптастыру
- C) Оқушылар ұжымын зерттеу
- D) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын жоспарлау
- E) Жүйенің дамуы
- F) Жүйені қалыптастыруда сынып жетекшісінің басқарушылық рөлі

14. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздерін анықтайды:

- A) Мемлекеттік бағдарламаларда
- B) «Неке және отбасы туралы» Заңы
- C) «Білім туралы» Заңы
- D) Мектеп құжаттары
- E) Мемлекеттік тұжырымдамалар
- F) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы

15. Оқытудың жеке заңдылықтары:

- A) Жобалаушылық
- B) Болжамдылық
- C) Басқарушылық
- D) Жеке дидактикалық
- E) Ұйымдастырушылық
- F) Гносеологиялық

16. Оқытуды ұйымдастыру формалары:

- A) Сендіру
- B) Семинар
- C) Жаттығу
- D) Түсіндіру
- E) Ата-аналармен жұмыс
- F) Қоғамдық жұмыс
- G) Дәріс

17. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет:

- A) Оқушылардың жеке бас қасиеттерін дамыту процесі
- B) “Педагог-оқушылар” жүйесінің қызметі
- C) Педагог пен оқушылардың ортақ көзқарастары
- D) Сыныптастармен бірлесіп әрекет ету
- E) Оқушылардың кәсіби әрекеттерінің жүйесі
- F) Әлеуметтік тәжірибені игерудегі мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті
- G) Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту
- H) Оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін іс-әрекеті

18. Оқыту үдерісі:

- A) Төзімділіктерін дамытады
- B) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- C) Адамгершілікті дамытатын іс-әрекет
- D) Отаншылдық қасиетін арттырады
- E) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді

19. Бақылау:

- A) Қорытынды
- B) Ішінара
- C) Негізгі
- D) Күнделікті
- E) Жаппай
- F) Алдын ала

20. Оқу үдерісіндегі сөздік әдістер:

- A) Әңгіме, әңгімелесу
- B) Тәжірибелік
- C) Білімді жетілдіру
- D) Эвристикалық
- E) Жаңа білімді игеру
- F) Көрнекілік

21. Ақпараттық технология:

- A) Ақпаратты өңдеу процесінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- B) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- C) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- D) Адам іс-әрекеті арқылы ауызша, жазбаша немесе басқа түрлі тәсілдермен жеткізілетін қажетті мағлұматтар жиынтығы
- E) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- F) Ақпаратты өңдеумен байланысты процестер
- G) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы

22. Жалпы білім беретін бағдарламалар бағытталады:

- A) Оқушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға
- B) Жеке адамның болашағын қалыптастыруға
- C) Жеке адамның қоғам мен өмірге бейімделуін қамтамасыз етуге
- D) Оқушының оқу үлгерімін қадағалауға
- E) Жеке адамның әлеуметтік жағдайына
- F) Жеке адамның мәдениетінің қалыптасуына
- G) Оқушының оқу-тәрбие үдерісіндегі қиындықтарын шешуге

23. Басқаруды ұйымдастырудың формалары мен бағыттары:

- A) Психологиялық-педагогикалық тестілеу нәтижесін қадағалау
- B) Әдістемелік бірлестіктер
- C) Нұсқау-әдістемелік
- D) Педагогтарды жаппай сауаттандыру, сауықтыру
- E) Қоғамдық ықпалдарды пайдалану жолдарын ұсыну

24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:

- A) Құқықтық қарым-қатынас
- B) Ашық қарым-қатынас
- C) Экономикалық қарым-қатынас
- D) Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас
- E) Эмоционалдық қарым-қатынас

25. Біліктілікті көтеру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін:
- А) Біліктілікті белгілі уақыт аралығында жоғарлату
 - В) Қосымша жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар
 - С) Сала, ұйым, мекеме деңгейінде жүргізілетін тақырыптық пролемалы емес орташа мерзімді семинарлар
 - Д) Мамандардың кәсіби қызмет бағытында біліктілік көтеру мекемесінде ұзақ мерзімді оқуы
 - Е) Негізгі жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі

1. Баланың тілді меңгеруі жайлы зерттеген белгілі психологтар:

- A) Ж.Аймауытов
- B) К.М.Метербаева
- C) Қ.Жарықбаев
- D) Қ.Меңдаяхова
- E) Б.Баймұратова
- F) Т.Турскельдина
- G) Ә.С.Әмірова

2. Ана тілін оқыту және тіл дамыту сабақтары келесі дидактикалық талаптарға сай келуі қажет:

- A) Балалардың дербес тілдік әрекетін қолдану
- B) Тілдік қарым-қатынас қалыптастыру міндеті
- C) Сабаққа алдын ала дайындалу
- D) Сабақтың тәрбиелік мәні
- E) Сабақ материалы мазмұнының балалардың жас ерекшелігіне сай ақыл-ой және тілдік дамуына сай келуі
- F) Міндетті, бағдарламаланған, уақытпен шектелген
- G) Өнер түрлерін қолдану

3. Ана тілін оқыту және тіл дамыту сабақтарында қолданылатын репродуктивті әдістер:

- A) Көрсету
- B) Көркем әдебиеттерді оқу
- C) Жатқа айту
- D) Түсіндіру
- E) Әңгімелесу
- F) Әңгімелеу

4. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың монологтық сөйлеуді меңгеруі:

- A) Баланың тілегі мен қажеттілігін көрсететін алғашқы мағыналы сөзі пайда болады
- B) Күрделі сөйлемі көбейеді
- C) Әңгімелеуі логиканы бұзады
- D) Балалар әңгімесінде синтаксистік құрылым күрделенеді
- E) Көрнекі материалға сүйеніп немесе онсызда байланыстырып сөйлеу түрлерін меңгереді

5. Баланың өз тәжірибесінен айту негізі:

- A) Ойындар
- B) Бейнелеу өнері
- C) Көркем шығармаларды оқу
- D) Халықтық ауыз екі шығармашылық
- E) Картиналарды қарау
- F) Тақпақ айту
- G) Әңгімелесу

6. Балалармен әңгімелесу түрі (Е.А.Флерина жіктемесі бойынша):

- A) Балалар тәжірибесін нақтылайтын қорытынды әңгіме
- B) Жаңа тәжірибе жинақтайтын әңгімелесу
- C) Танымдық әңгімелесу
- D) Құрамында материалы бар әңгіме
- E) Этикалық әңгімелесу

7. Балалармен қорытынды әңгімелесудің басы:

- A) Логикалық бөлімнің болуы
- B) Бала білімін тереңдету
- C) Әңгімеге қатысу тілегін ояту
- D) Бала жауабын толықтыру, түзету
- E) Себеп тудыру

8. Аудиобейне әдісі:

- A) Компьютерді қолдану әдісі
- B) Телехабар
- C) Грамматикалық кесте;
- D) Көрнекілікті пайдаланылатын әдіс
- E) Схема
- F) Диафильм құралдарын пайдаланатын әдіс;
- G) Кинофильм

9. Оқыту әдісі:

- A) Оқушыны ән салуға үйрету
- B) Оқушының белсенділігін арттыру
- C) Мұғалімнің сабақ жоспары
- D) Мұғалімнің қосалқы тәсілі
- E) Оқушыны өмір сүруге үйрету
- F) Оқушының жеке тұлғасын өмірге бейімдеу жолы
- G) Оқушыны сурет салуға баулу

10. Сөз табы бойынша жүргізілетін жаттығулар:

- A) Мәтіннен керекті сөздерді тапқызу, керекті сөздерді қосып, өздіктерінен сөйлемдер немесе әңгіме құрастыру
- B) Қатар келген екі дауысты дыбыстың айтқанда біреуінің түсірілуі
- C) Сөйлегенде сөз алдында дыбыс қосылып айтылуы
- D) Мағына немесе тұлға жағымен қандай ұқсастық, айырмашылық барын салыстыру арқылы анықтау, ұқсас сөздерді топтату. байқаған құбылыстары жөнінде жеке-жеке қорытындылар шығару сияқты жұмыстарды қамтиды
- E) Балалар тілін синтаксистік жағынан жетілдіру, оларды жиі қолданылатын сөз тіркестерімен таныстыру, жәй және құрмалас сөйлемдерді үйрету
- F) Бала мағынасын түсінетін бірақ сөйлегенде өз бетімен пайдаланбайтын сөздер

11. Балаларға сөз мәнін түсіндіру әдістері:

- A) Сөзді басқа сөздермен байланыстыру
- B) Көп мағыналы сөзді бейнелеу
- C) Байланыстырып сөйлеу
- D) Сөздерді дыбысталуына және мазмұнына қарай салыстыру
- E) Мағынасына жақын сөздер ойлап табу

12. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға үйрету кезеңін жүзеге асыру жұмыстары:

- A) Сөзді тыңдай білуге дағдыландыру
- B) Дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу
- C) Үн ренкін жетілдіру, сөздерді қатесіз айтуға жаттықтыру
- D) Сол дыбысты сөз ішінде қайталап айтқызу үшін тақпақтар оқып беру және жаттату, жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу
- E) Үйретілетін дыбысты тәрбиешінің бірнеше рет қайталауы, қандай дыбыстауда ауыз-қуыс мүшелері қатысатындығын түсіндіруі, сол дыбыстарды балаларға айтқызу және тыныс алуларына көңіл бөлу
- F) Дыбыстарды дұрыс айтуды қалыптастыру

13. Ғылымның, мәдениеттің дамуы нәтижесінде пайда болған ұғымдарды білдіретін арнаулы сөздер:

- A) Синоним сөздер
- B) Арнаулы сөздер
- C) Архайзмдер
- D) Профессионализмдер
- E) Көп мағыналы сөздер
- F) Терминдер
- G) Жаргон сөздер

14. Мақтауға арналған өлең түрі:

- A) эпиграмма
- B) арнау
- C) пародия
- D) белгілі бір адамға арналған
- E) жоқтау
- F) сонет
- G) ода

15. Көркем әдебиет тілінің шеберлік сипатын білдіретін тілдік тәсілдер:

- A) айқындау
- B) айқындылық
- C) әңгімелеу
- D) оқу
- E) көрсету
- F) жазу

16. Тіл мәдениеті:

- A) Р,Л,С,Ш, әріптерін дұрыс айту
- B) Сөйлеген кездегі сауаттылық
- C) Ойлау
- D) Тілдік тәсілдердің жетілу дәрежесі
- E) Дұрыс тыныс алу жолдарын меңгеру

17. Біз мектепке барамыз бағдарламасында сауат ашу және жазу негіздерінің мазмұны:

- A) Әріптердің таңбалары туралы білімдерін қалыптастыруды жалғастыру, дыбыстарды әріптермен сәйкестендіру іскерліктерін дамыту
- B) Бағдарламада берілген шығармалардан үзінділер жаттау (өлеңдер, шағын ауыз әдебиетінің жанрлары), тақырыпқа сай шығарманы таңдай білуге (түсінік айту) үйрету
- C) Түбірлес сөздерді (бақша, бақшашы, бақшада), етістіктерден (бардым, барамын, барғым келеді) жасауға және қолдануға жаттықтыру, балаларды зат есім, сын есім, етістіктердің күрделі түрлерін жасауға жаттықтыру
- D) Жай, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдана білуге жаттықтыру
- E) Алғашқы оқу дағдыларын қалыптастыру
- F) Дауыс ырғағына қарай сөйлем түрлерін ажырата білу іскерлігін дамыту (хабарлы, сұраулы, лепті), оларды тілінде қолдану
- G) Жазуға дайындық, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету

18. Бала тілінің грамматикалық құрылысының бірдей болмау себептері:

- A) тіл тазалығына байланысты
- B) ғимараттардың дұрыс орналасуына байланысты
- C) бала ортасының (ата-ана, тәрбиеші) сөздерінің жағдайына байланысты
- D) дұрыс тыныс алуға байланысты
- E) баланың (психологиялық) дамуына байланысты
- F) сөздік қорының мөлшеріне байланысты

19. Жоспарлаудың принциптері:

- A) Баланың денсаулығына байланысты
- B) Балалардың жас ерекшелігіне сай болуы
- C) Балалардың физиологиясы
- D) Жоспардың негізгі білім беру және тәрбиелеу бағдарламасы
- E) Оқу-тәрбие жұмысының бір бөліміне бағыттау
- F) Оқу-тәрбие процесінің барлық бөлімімен байланысты

20. Тіл дамытудың әдіснамалық негізін білу қажет:

- A) Тіл құрылымын меңгеру үшін
- B) Тіл формасын меңгеру үшін
- C) Жеке әдістемелік сұрақтарды түсіну үшін
- D) Тілдің онтогенезік мәнін түсіну үшін
- E) Балаларға педагогикалық әсер ету бағытын анықтау үшін

21. Сауатты жазуға үйрету мәселелері:

- A) жас ұрпақты жан - жақты тәрбиелеу
- B) талдау, жинақтау әдісін қолдану
- C) бірнеше сабақтың негізінде бағалау
- D) ой өрісін, сана-сезімін кеңейту
- E) бір сабақтың негізінде бағалау
- F) сауатты жазуға үйрену үшін аналогия, салыстыру әдісін іске асыру

22. Педагогтарға қойылатын талаптар (білім берудің «қарым-қатынас» бөлімі «Мектепке дейінгі білім беру» мемлекеттік стандарты):

- A) Сауатты, эмоциональды түрде сөйлей алу
- B) Әр баланың шығармашылық потенциалын оның жеке тұлғалық дамуында қолдану
- C) Балаға коммуникацияның тиімді тәсілдерін үйрету
- D) Кікілжінді жағдаяттарда оңтайлы шешім табу
- E) Өзінің шығармашылық әрекетін белгілі бір іс-әрекетте көрсете алу

23. Сөздік жұмысты жүргізу принциптері:

- A) Сөздік қорды молайту психикалық принциптер мен адамгершілік қасиетті дамытуға әсер ету
- B) Дидактикалық ойын, ауыз әдебиеті үлгілері
- C) Жаттығу жұмыстары
- D) Жаңа сөздің айтылу үлгісін беру, дидактикалық ойындар, топсаяхат, ойыншықтарды сипаттау
- E) Жаңа сөздерді балаға қоршаған ортамен таныстыру барысында үйрету

24. Модульдік тапсырма беру іске асырылады:

- A) Бірізділік сақталуы керек
- B) Жеке сабақ жоспары
- C) Бақылаушылық пен қызығушылықты дамыту
- D) Кері байланыс жүйесін құру
- E) Қоршаған ортаның объектілері мен құбылыстарына белсенді және дұрыс қарым – қатынасты тәрбиелеу
- F) Қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстардың біріктілігін, біртұтастығын аңғара білуге үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіруге болады
- G) Оқыту қызметін басқару және өзін-өзі басқару жүйелерін құру, әдістемелік жабдықтау
- H) Іскерліктерді меңгеру деңгейлері; модуль-информацияның мазмұнын қалыптастыру

25. Модульдік тапсырманы оқытуды жүзеге асыру:

- A) Оқыту қызметін басқару және өзін-өзі басқару жүйелерін құру, әдістемелік жабдықтау
- B) Іскерліктерді меңгеру деңгейлері; модуль-информацияның мазмұнын қалыптастыру
- C) Қоршаған ортаның объектілері мен құбылыстарына белсенді және дұрыс қарым – қатынасты тәрбиелеу
- D) Бірізділік сақталуы керек
- E) Үйрету үдерісін жаңарту (үйрету амалдары алдын ала жоспарланады)
- F) Балалардың білімді меңгеруі жоспарланған деңгейге жеткізіледі
- G) Оқу үрдісінің компоненттерін кешендендіруге байланысты білім берудің тиімділігі: мақсат, мазмұн, бақылау, бағалау, т.б. артады
- H) Қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстардың біріктілігін, біртұтастығын аңғара білуге үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіруге болады

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Тәрбие әдістері:

- A) пікірталас
- B) ата-аналар комитеті
- C) пән мұғалімдер бірлестігі
- D) мектептегі әдістемелік кеңес
- E) мұғалімдер ұжымы
- F) тәрбиелік жағдаяттар

2. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырады:

- A) мектептің жаңа техникалармен жабдықталуы
- B) қоғамдық пәндер білімі
- C) сынып жетекшісінің балаларды өз мүддесіне бағындыра алуы
- D) мектепте әрбір пәнді оқыту арқылы
- E) ата-анасының материалдық қамтамасыздығы
- F) ата-аналардың жиналыстарға қатысуы

3. Эстетикалық тәрбиенің негізгі құрамдас бөліктері:

- A) Эстетикалық тәрбие
- B) Эстетикалық сезім
- C) Табиғат эстетикасы
- D) Қатынас эстетикасы
- E) Эстетикалық талғам

4. Оқушылармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізетін мектептен тыс мекемелер:

- A) жалпы білім беретін орта мектептер
- B) лицей, гимназия
- C) кітапханалар
- D) педагогикалық-әдістемелік жұмыстар
- E) аудандық, қалалық құқық орындары

5. Қазіргі отбасы дағдарысының сипатталуы:

- A) Азаматтық некенің салдарынан
- B) Отбасылардың жаңа әлеуметтік жағдайларға баяу бейімделуімен
- C) Бала асырап алуға заңды құқытың болуы немесе болмауынан
- D) Экономикалық жағдайларға баяу бейімделуімен
- E) Некеге тұрумен және оны бұзудағы еркіндікпен
- F) Ата-аналардың ой-өрісінің тарылуымен
- G) Ұлттық дәстүрді сақтамаудан

6. Белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушінің сезіміне, санасына, мінез-құлқына ықпал етуді көрсететін категория:

- A) Тәрбие әдісі
- B) Тәрбие құралы
- C) Тәрбие формасы
- D) Әлеуметтендіру заңдылықтары
- E) Әлеуметтік тәрбиенің ықпалы
- F) Дамуға басшылық жасау

7. Жарыстың ықпалы:

- A) Бала қабілеттілігін арттыру
- B) Тәрбиешімен бірге кез келген тапсырманы орындау
- C) Дене және рухани күшке деген сенімді бекіту
- D) Көзделген нәтижеге жету мақсаты
- E) Кез-келген жолмен бірінші болу

8. Мінез–құлық аясындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениет көрсеткіші:

- A) Таныс емес ортада келісім жасай алу қабілеттілігі
- B) Адамдардың ұлтына қарамай қайғысына ортақтасу
- C) Жауапты шешім қабылдай алу
- D) Ұлтаралық байланыстар мен қарым-қатынастарды қолдау
- E) Көп ұлтты ортада еңбек етуге бейімділік
- F) Басқа ұлт өкілдері арасындағы құрдастарының ерекшеліктеріне сыйластықпен қарау
- G) Өзге ұлттың дәстүрін білу

9. Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

- A) сынып оқушылары мен ұжымын диагностикалау
- B) сыныптың тәрбие жұмысын жоспарлау
- C) өзінің біліктілігін көтеру және әріптестеріне көмек беру
- D) сынып ұжымын құру және тәрбиелеу
- E) сыныптың оқыту үрдісін ұйымдастыру
- F) оқуды үйлестіру
- G) оқу бағдарламаларын жасап, талқылау, бекіту

10. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Тәрбиелік жағдаяттар
- B) Ата-анамен жұмыс
- C) Шаралар ұйымдастыру
- D) Мектептегі әдістемелік кеңес
- E) Мадақтау
- F) Жазалау

11. Қиын балаларды түзету жұмыстары:

- A) конференция
- B) саяхат
- C) қателік, сәтсіздік болғанда, жөндеу үшін сенім ұялату
- D) сабақ
- E) «сенде бәрі жақсы болатынына сенемін» деген сөздерді жиі айту
- F) жеке ұмтылыстары болған жағдайда мадақтау
- G) қиын балаларды дер кезінде анықтап, құзырлы орындарға хабарлау

12. Мектептің тәрбиелік жүйесінің негізгі қызметтері:

- A) дамытушы
- B) білім беруші
- C) қорғаушы
- D) оқытушы
- E) үйретуші
- F) таратушы

13. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) ата-аналарға алғыс жариялау
- B) жыл қорытындысын талқылау
- C) әріптестер мен басшыларды шақырту
- D) ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тексеру
- E) оқушыларды әрдайым бірге қатыстыру
- F) ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу

14. Қиын балалармен жеке жұмыс кезеңдері:

- A) баланың жеке тұлғасын зерттеу
- B) бағдарлама жасау
- C) балалармен жұмыс кестесін құру
- D) озық тәжірибені талдау
- E) тәрбие әдістері мен түрлерін таңдау
- F) баламен достық қатынасты тыю
- G) жеке-тұлғаға бағытталған әдістер негіздерін зерттеу

15. Қиын балаларды болдырмау, теріс, жағымсыз әдеттерді жою және алдын алу жұмыстары:

- A) қиын баламен жұмысты қорытындылау
- B) қиын балаларды оқудан шығару, жазалау
- C) тәрбие объектісі, аспектілері
- D) нарколог, ішкі істер органдарының қызметкерлерімен кездесулер
- E) бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі
- F) сынып сағаттары
- G) тәрбие жоспары

16. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) оқылатын пәндерді көрнекілікпен қамту, әдістемесін түрлендіру
- B) тәрбие жұмысы түрлерінің оқушылардың жас және тәрбиелік деңгейіне сәйкестігі
- C) тәрбие жұмыстарының педагогтің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі
- D) жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі
- E) жоспардың тәрбие түрлерін толық қамтуы

17. Оқушылар ұжымының өзіндік белгілері:

- A) Әртүрлі ғылыми салаларымен байланыста болуы
- B) Оқушылармен төтенше жағдайларда жылдамдық, ұйымдастыру шешімінің болуы
- C) Әрекет етуде өзара бірлескен іс-қимылдың болуы
- D) Жанұя тәрбиесі туралы ата-аналармен әңгіменің болуы
- E) Жалпы әлеуметтік маңызы бар ортақ мәселені шешу мүддесінің болуы
- F) Ортақ сайланған басқару ұйымның болуы

18. Еңбек нәтижесін құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу мақсатында айтылған ырымдар мен тыйым сөздер:

- A) үлкеннің алдын кесіп өтпе
- B) нанды лақтырма
- C) ағын суды ластама
- D) жеміс ағашын сындырма
- E) нанның үгіндісін аяққа баспа

19. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- A) ата-аналарға кеңес
- B) баланы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу
- C) мектептің ата-анамен біріге шара ұйымдастыру
- D) ұжымның маңызды шешім қабылдауына мүмкіндік жасау
- E) өзін-өзі басқару кеңесі
- F) қамқоршылар кеңесі
- G) құрылтайшылар кеңесі

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) педагогикалық талап
- B) әңгіме
- C) мектептегі әдістемелік кеңес
- D) этикалық әңгіме
- E) пікірталас

21. Тәрбие, адамды сүюге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) үдерістің аса қарқындылығы
- B) баланы жеке тұлға ретінде сыйлауы
- C) балаға тұрақты дұрыс қатынасы
- D) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуі
- E) баланың ортаға тез бейімделгіштігі

22. Отбасы тәрбиесі, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, имандылық (конфессионалдық) тәрбиесі кіреді:

- A) Ынталандыруына
- B) Оқу-тәрбие жұмыстарының бағыттарына
- C) Кешенді тәрбие жұмысы
- D) Жазалауына
- E) Мазмұнына

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- B) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі
- C) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі
- D) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- E) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау
- F) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- G) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі
- H) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер

24. Қиын балаларда жиі кездесетін ерекшеліктер:

- A) білімге құмар, ұжымда белсенді
- B) жаман мінез, жасырын әдеттері болуы
- C) арнайы спорттық, шығармашылық бейімділіктері жоғары
- D) көтеріңкі көңіл-күй, ашық мінезді
- E) өнер, музыкада ерекше шығармашылық қабілеттері көзге түсуі
- F) ғылыми зерттеу жұмысына, өнертапқыштыққа құмар

25. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Сендіру, этикалық әңгіме
- B) Тәрбиелік жағдаяттар
- C) Жарыс
- D) Пікірталас
- E) Өзін-өзі басқару орталығы
- F) Мектептегі әдістемелік кеңес

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру

1. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда жарық көрген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған бағдарламалар:

- A) «Балбөбек»
- B) «Қайнар»
- C) «Біз мектепке барамыз»
- D) «Алақай»
- E) «Радуга»
- F) «Балдаурен»

2. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру үшін міндетті түрде жағдай жасауды қажет ететін:

- A) Ата-аналар
- B) Пандустар
- C) Парталар
- D) Дефектолог мамандар
- E) Оқулықтар
- F) Тақталар

3. Тәрбиешінің жұмысын тексеру

- A) Фронтальды
- B) Топтық
- C) Дара
- D) Өзіндік
- E) Дербес
- F) Жеке

4. Басқарудың ұйымдастыру құрылымын құрайды:

- A) Заңгер
- B) Психолог
- C) Тәрбиеші
- D) Директор
- E) Оқытушы
- F) Әдіскер

5. Бұл маңдай алды жақсы адам.

- A) Психологиялық көшбасшы
- B) Шыдамсыз көшбасшы
- C) Ақылды көшбасшы
- D) Эмоционалдық көшбасшы
- E) Жарқын көшбасшы

6. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмысты ұйымдастыруды қарастырған ғалымдар:

- A) Р.Ш.Сабирова.
- B) Н.В.Немова.
- C) Р.Лемберг.
- D) А.М.Моисеева.
- E) Л.С.Выготский.
- F) Ю.Белая.

7. Басқарушының құндылық сапаларын анықтайтын қасиеттер:

- A) Ұйымдастырушылық
- B) Психологиялық
- C) Физиологиялық .
- D) Танымдық
- E) Дербестік
- F) Тұлғалық
- G) Әдістемелік

8. Мектепке дейінгі мекеменің міндеттері:

- A) Озық тәжірибені игеру
- B) Балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту
- C) Екі буын арасындағы ортақ мақсат міндеттер
- D) Балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту
- E) Оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларын орындау

9. Мектепке дейінгі ұйымның типтік түрі тұрады:

- A) Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу - білім беру үдерісінің шектелуі
- B) Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу - білім беру үдерісі
- C) Тәрбиелеу - білім беру үдерісін жетілдіру
- D) Мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдамау
- E) Мектепке дейінгі ұйымдарға ата - аналарды қабылдау
- F) Мектепке дейінгі ұйымды қаржыландырмау

10. Мониторинг болуы тиіс:

- A) Технологиялық
- B) Нақтылық
- C) Суреттік
- D) Біртұтас
- E) Ғаламдық

11. Бақылау түрлері:

- A) Тақырыптық
- B) Танымдық
- C) Техникалық
- D) Есептік
- E) Бірізділік
- F) Салыстырмалы
- G) Фронтальды

12. Бақылау мазмұнының бағыттары:

- A) Күн тәртібін сақтау
- B) Ата-анамен байланысы
- C) Ойындар өткізу
- D) Баланың және барлық топтағы балалардың денсаулық қалпы
- E) Тәрбиешілермен тренингтер жүргізу
- F) Тәрбиеші мен көмекшінің рационалды міндеттерін бөлу

13. Педагогикалық кеңес:

- A) Педагогикалық шеберлік мектебі
- B) Тәрбиелік жұмысты басқару алқасының органы
- C) Әр топтағы тәрбиешілердің жалпы педагогикалық деңгейін жетілдіруге мүмкіндік туғызу
- D) Тәрбиешінің жұмыс стилі
- E) Оқу тәрбие үдерісін жақсарту
- F) Тәрбиеші жұмысы туралы жалпы түсінік
- G) Педагогикалық ойдың айқындығы
- H) Сол топтағы педагогикалық үдерістің деңгейі

14. Ойынның сипаты:

- A) Баланың ойын әрекетіне тәрбиешінің басшылық етуі тиіс.
- B) Өзгелердің пікірімен санасуға мүмкіндік береді.
- C) Баланың жан жақты ойлауына, ортақ тіл табысуға ықпал етеді.
- D) Ойын ережесін біледі.
- E) Ойындық ортаны ұйымдастыруы қажет.
- F) Күн тәртібінде ойынға жеткілікті уақыт берілу қажет.

15. Экспертиза сатылары:

- A) Сатылық
- B) Тестілеу
- C) Диагноз
- D) Суреттеу
- E) Болжау
- F) Бейнелеу
- G) Ақпараттық

16. Білім беру үдерісі нәтижесінің сапасы анықталады:

- A) Тәрбиелеуде
- B) Оқытуда
- C) Үйретуде
- D) Дамытуда
- E) Білімділікте

17. Еңбек жағдайлары:

- A) Еңбек қауіпсіздігі
- B) Еңбек тәжірибесі
- C) Еңбекке ақы төлеу
- D) Еңбекке сенімсіздік
- E) Саналы еңбек ету
- F) Еңбек шарты
- G) Дене еңбегі

18. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

- A) Отбасындағы бала тәрбиесін шектеуге ұсыныстар жасау.
- B) Ата-ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.
- C) Тәрбие-білім беру үдерісін жақсартуды жүзеге асыру.
- D) Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.
- E) Әр баланың мүмкіндігін шектеу.

19. Әдістемелік кабинетте ұйымдастырылатын жұмыс түрлері:

- A) Кеңестер
- B) Мерекелік ойын
- C) Практикум
- D) Танымдық ойын
- E) Кештер
- F) Мерекелік кеш

20. Мектепке дейінгі мекемелердегі әдістемелік кабинет жұмысы:

- A) Ата-аналардың отбасылық істеріне араласу
- B) Қоғамдық ортада болып жатқан оқиғаларға балаларды араластыру
- C) Концерт өткізу
- D) Шоу бағдарламалар ұйымдастыру
- E) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын жүзеге асыру
- F) Ұжымға күнделікті және мақсатты көмек
- G) Тәрбиешілердің өз бетімен білім алу сабақтарына көмек

21. Мектепке дейінгі тәрбие жүйесін дамыту мен құрудың бірінші мен үшінші, бірінші мен төртінші, екінші мен төртінші сатыларының ең негізгі айырмашылығы:

- A) Баламен жұмыс істеу түрлерін жаңарту
- B) Ғылымға деген қажеттілігі
- C) Кадрларды даярлау тенденцияларын арттыру
- D) Ең негізгі құқықтық - нормативті жүйенің бұзылуы
- E) Баланы түсінудің ең маңыздысы
- F) Баланы түсінудің ең маңызды өзгерісі
- G) Жүйенің дамуы мен оны құру негіздерін өзгерту

22. Тренинг және дөңгелек үстел ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

- A) Уақыт белгілеу
- B) Ұйымдастырушы педагогтың педагогикалық шеберлігінің тиімділігі
- C) Тренинг және дөңгелек үстелдің тақырыбының өзектілігі
- D) Нақты талқыланатын тақырып болуы
- E) Студенттерді тренинг және дөңгелек үстел ұйымдастыруға үйрету
- F) Айтылған ойдың барлығын қабылдау
- G) Тақырып таңдау

23. Еңбек әрекетін талдау барысында басшылыққа алатын мәселелер:

- A) Балаларды сабаққа дайындау
- B) Үлкендерге және кішілерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу
- C) Баланың жас ерекшелігіне сәйкес еңбек түрі
- D) Еңбек тапсырмаларын орындауда балалардың дербестігі
- E) Балалардың еңбекке эмоционалды қарым-қатынасы
- F) Оқу іс-әрекетінің жүктемесін реттеу
- G) Көрнекіліктерді әзірлеу

24. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңындағы 44 бабында көрсетілген: «білім берудің коллегиялды басқару формасы:

- A) Тәжірибелік кеңес.
- B) Психологиялық кеңес.
- C) Әдістемелік кеңес.
- D) Педагогикалық кеңес.
- E) Әлеуметтік кеңес.

25. Мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық ұстанымдары:

- A) Тәрбиелей отырып оқыту.
- B) Жоғары сыныпта білім алуға дайындау.
- C) Бірізділік, саналылық..
- D) Мектепшілдік тәрбиені жетілдіру.
- E) Өзінің кәсіптік қадір-қасиетін қорғау.

**Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**